

**"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 1110 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 3-9-тармақпен толықтырылсын:

"3-9. Акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы 2022 жылдың қорытындысы бойынша акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуден босатылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*